

## Қоршаған ортаны қорғау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.01.09. N 212 Кодексімен  
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша сөздер алмастырылды, тараулардың тақырыптарындағы "I-XIX" деген цифрлар тиісінше "1-19" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Табиғат пен оның байлықтары Қазақстан Республикасы халықтарының өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатын арттырудың табиғи негізі болып табылады.

Осы Заң қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық, және әлеуметтік негіздерін белгілейді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, шаруашылық және өзге де қызметтің табиғи экологиялық жүйелерге зиянды әсерін болғызбауға, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған.

## 1 тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

аз қалдықты технология - өнімдер бірлігін шығару кезінде осы өнімдерді алудың қолданылып жүрген тәсілдерімен салыстырғанда қалдықтардың аз саны пайда болатын өнімдерді шығару процесі;

аудиттелетін субъект - экологиялық аудитормен немесе экологиялық аудиторлық ұйыммен экологиялық аудит жүргізуге шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

коммуналдық-тұрмыстық қалдықтар - адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған қалдықтар;

қалдықтарды орналастыру объектісі - полигондар, күл-қоқыс сақтау орындары, қалдық сақтау орындары, кен жыныстарының үйінділері мен қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған басқа да арнайы жабдықталған орындар;

қалдықтардың қауіптілік сыныбы - адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға ықтимал зиянды әсер ету дәрежесі бойынша анықталатын қалдықтардың зияндылық көрсеткіші;

қалдықтардың паспорты - қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамасын куәландыратын құжат;

қалдықтардың түрі - ортақ белгілері бар қалдықтардың жиынтығы;  
қалдықтармен жұмыс істеу - қалдықтардың пайда болуына, жиналуына, сақталуына, пайдаланылуына, кәдеге жаратылуына, тасымалдануына және көмілуіне байланысты қызметтің барлық түрлері;

қалдықтармен жұмыс істеу нормативтері - қалдықтардың қоршаған ортаға әсер етуін ескере отырып, олардың пайда болуына, жиналуына, сақталуына, пайдаланылуына, кәдеге жаратылуына, тасымалдануына және көмілуіне байланысты сандық және сапалық шектеулер;

қауіпті қалдықтар - зиянды заттарды қамтитын және қауіпті қасиеттері бар (уыттылық, жарылыс қаупі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті бар) не адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін жеке тұрғанда немесе басқа заттармен өзара әрекетке түскен кезде қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар;

қолайлы қоршаған орта - объектілерінің жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, ластануға жол бермеуді, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін орта;

қоршаған орта - табиғи объектілердің, өзара қарым-қатынастағы атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, суды, топырақты, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда жиынтығы ;

қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін нұқсан (зиян) - қоршаған ортаны ластау немесе тірі организмдер мен адамның ауыруын, жұтауын немесе қырылуын, табиғи ресурстардың сарқылуын туғызған немесе туғызатындай етіп табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден тыс алып қ о ю ;

қоршаған ортаға ықпал етудің жол берілетін шекті нормативтері - экологиялық жүйелердің тұрақтылығын бұзуға әкеп соқпайтын, қоршаған ортаға барынша жасалуы мүмкін антропогендік ауыртпалық;

қоршаған ортаны қорғау - табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар - қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені;

қоршаған ортаны қорғау объектілері - қоршаған ортаның заңнамамен қорғалатын құрамдас бөліктері;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау заңнамасын, қоршаған орта сапасының нормативтерін және экологиялық талаптарды сақтауын бақылау жөніндегі қызметі;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік саясатты іс жүзіне асыратын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары;

қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістің, магнитті өрістердің және өзге де зиянды физикалық ықпалдардың әсері;

қоршаған ортаны ластауға лимиттер - ластағыш заттардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының жалпы түсу көлемінің, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістің, магнитті өрістер мен өзге де зиянды физикалық ықпалдар әсері деңгейлерінің қолайлы қоршаған орта сақталатын шектері;

қоршаған ортаның мониторингі - адамды қоршаған табиғи ортаның жай-күйін бақылау және адамдардың денсаулығы мен өзге де тірі организмдерге зиянды немесе қауіп туғызатын қатерлі ахуалдар туралы ескерту;

қоршаған ортаның сапасы - қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы;

ластағыш заттардың қордалануы мен ықпал ету деңгейінің жол берілетін шекті нормативтері - атмосфералық ауада, су объектілерінде, топырақта ластағыш заттардың жол берілетін құрамының және қоршаған ортаға физикалық факторлар ықпалының адам денсаулығын сақтау және өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиянды әсеріне жол бермеу мақсатында белгіленетін шамасы;

ластағыш заттардың шығарылуы мен тасталуына жол берілетін шекті нормативтері - атмосфераға, су объектілеріне, топыраққа шығарылатындар мен тасталатындардағы ластағыш заттардың, қоршаған ортаға жасалатын физикалық ықпалдық ол жасалған жағдайда жол берілетін ауыртпалықтың экологиялық нормативтерінің сақталуын қамтамасыз ететін көлемі;

өндіріс қалдықтары - өнімдерді шығару, өзге де технологиялық жұмыстарды орындау кезінде пайда болған және, техногендік минералдық түзілімдер мен ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтарын қоса алғанда, тиісті өндірісте қолдануға қажетті бастапқы тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан шикізаттардың, материалдардың, химиялық қосылыстардың қалдықтары;

өндірістік экологиялық бақылау - табиғат пайдаланушының қоршаған ортаны қорғау саласындағы мониторинг, есеп, есептілік және өзге де ішкі әкімшілік шараларды қамтитын нормативтік-құқықтық талаптарды сақталуын бақылау үшін қабылдайтын шаралар жүйесі;

стратегиялық объект - іске асырылуы табиғи ресурстарды барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану, республикалық маңызы бар инфрақұрылым, республикалық маңызы бар аэроғарыштық және әскери кешендер, байланыс, энергетика саласындағы қызметпен тікелей байланысты сараптама объектісі;

табиғат пайдалану - адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы;

табиғат пайдаланушы - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган берген табиғат пайдалануға рұқсаттың негізінде қоршаған ортаға ластайтын заттарды шығаруға және тастауға, өндіріспен тұтыну қалдықтарын орналастыруға құқығы бар субъект;

табиғи ресурстар - қоғамның материалдық, мәдени және басқа қажеттерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаның шаруашылық және өзге қызмет процесінде пайдаланылатын құрамдас бөліктері;

трансшекаралық объект - іске асырылуы екі немесе одан да көп облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және (немесе) шектес мемлекет аумағының қоршаған ортасына және адамдар денсаулығына зиянды әсер ететін немесе зиянды әсер етуі ықтимал сараптама объектісі;

тұтыну қалдықтары - табиғи және моральдық тозу нәтижесінде өзінің тұтынушылық қасиетін толық немесе ішінара жойған бұйымдар, материалдар мен заттар;

шығарылудың, тасталудың үлес нормативі - өнімнің, қуаттың, көлік немесе өзге де жүріп-тұру құралдарының бірлігіне шаққанда атмосфераға, су объектілеріне зиянды (ластаушы) заттарды шығарудың, астаудың ең көп массасының нормативі, ол шығарылудың, тасталудың, технологиялық процестер мен жабдықтардың қозғалмалы, тұрақты көздері үшін белгіленеді;

экологиялық аудит - аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалауға және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге бағытталған тәуелсіз тексеру;

экологиялық аудитке тапсырыс берушілер - мүдделі жеке және (немесе) заңды тұлғалар, сақтандыру ұйымдары, инвесторлар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар;

экологиялық жүйе - организмдердің және олар мекендейтін жансыз ортаның өзара байланысты біртұтас функционалдық жиынтығы;

экологиялық қауіп - антропогендік және табиғи ықпалдар әсерінің, соның

ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар себептерінен қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын және осыған байланысты жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жағдай;

экологиялық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі;

экологиялық қауіпті объект - іске асырылуы ауқымы әрі ұзақтығы бойынша қоршаған ортаға зиянды әсер ететін немесе әсер етуі ықтимал және халықтың өмірі мен денсаулығына ерекше қауіп төндіретін сараптама объектісі;

экологиялық нормалау - адамның өмір сүруі мен биологиялық алуан түрлілікті сақтау үшін қолайлы ортаны айқындайтын және қамтамасыз ететін ережелердің (нормалардың) және олардағы қоршаған ортаның жай-күйі мен оған ықпал ету дәрежесін бағалаудың сан және сапа көрсеткіштерінің (нормативтерінің) жүйесі;

экологиялық талаптар - Қазақстан Республикасының заңдық, өзге де заңға тәуелді нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілерінде қамтылған қоршаған ортаға теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметте орындауға міндетті шектеулер және ондай қызметке тыйым салу.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарының міндеттері қоршаған ортаның сапасын жақсарту, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту мақсатымен қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылы саласындағы қатынастарды реттеу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану туралы заңдардан, сондай-ақ басқа да заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Осы Заң мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін нормалары бар өзге де акт арасында қайшылық болған жағдайда соңғылары осы Заңға тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолданылады.

Жерді, жер қойнауын, суды, атмосфералық ауаны, ормандар мен өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін, ерекше қорғалатын табиғи

аумақтарды қорғау және пайдалану мәселелері осы Заңмен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерімен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### **3-бап. Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптері**

Қоршаған ортаны қорғау мынадай негізгі:

адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру ;

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттерін қанағаттандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу ;

экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру;

табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, табиғатты пайдаланғаны үшін кезең-кезеңмен ақы төлеуді енгізу және қоршаған ортаны қорғауға экономикалық жағынан ынталандыруды енгізу;

биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету ;

қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы;

мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы, қызметінің үйлестірілуі, заңдылығы және жариялылығы;

шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері жағдайында өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асырудың міндеттілігі;

қоршаған ортаға нұқсан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау ;

халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысуы ;

халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық принциптерін сақтау негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **4-бап. Қоршаған ортаны қорғау объектілері**

Жойып жіберуден, бүлінуден, зақымданудан, азып-тозудан, ластанудан, ұтымды пайдаланбаудан және өзге де зиянды ықпал етуден:  
жер, оның қойнауы, су, атмосфералық ауа, ормандар мен өзге де өсімдіктер,  
ж а н у а р л а р д ү н и е с і ;

табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озонды қабаты қорғалуға  
т и і с .

Экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілері, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ерекше қорғалуға тиіс.

## **2 тарау. Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері**

### **5-бап. Азаматтардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері**

1. Әрбір азаматтың және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ шетелдіктердің өз өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға, оның жай-күйі туралы дұрыс ақпарат алуға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалдың өтелуіне алуға құқығы бар.

#### **2 . А з а м а т т а р д ы ң :**

белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды пайдалануға, оларды қорғау және молықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, қоршаған ортаны қорғау мен са у ы қ т ы р у ғ а қ а т ы с у ғ а ;

қоршаған ортаны қорғайтын қоғамдық бірлестіктер мен қоғамдық қорлар қ ұ р у ғ а ;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысуға;

қоршаған орта мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хаттар, шағымдар, арыздар мен ұсыныстар беруге және оларды қарауды талап е т у г е ;

қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға ;

кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды өзге де объектілерді орналастыру, салу, қайта құру және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс ықпал ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды т а л а п е т у г е ;

айыпты ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан өз денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалдың өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге;

заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да құқықтарын белгіленген тәртіппен іске асыруға құқығы бар.

3. Әрбір азамат қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды орындауға, өзінің экологиялық білім деңгейін арттыруға және жеткіншек ұрпаққа экологиялық тәрбие беруге жәрдемдесуге міндетті.

### **6-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері**

1. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

өздерінің экологиялық бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және насихаттауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларды ерікті негізде қоршаған ортаны қорғау саласында белсенді қызметке тартуға;

қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыру жөніндегі жұмыстарды орындауға, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғауға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру мен олардың қызметіне қатысуға;

экологиялық тәрбие мен білім беру жөніндегі жұмыстарды, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді белгіленген тәртіппен орындауға;

мемлекеттік экологиялық сараптама өткізуді талап етуге және қоғамдық экологиялық сараптама өткізуге;

қоршаған ортаны қорғау саласында қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға; мемлекеттік органдар мен ұйымдардан қоршаған ортаның жай-күйі және оны сауықтыру жөніндегі шаралар туралы дер кезінде, толық және анық ақпарат алуға;

қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасаса отырып, олар үшін шарттар бойынша заңдарда көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заң жобаларын талқылауға қатысуға; кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан зиянды өзге де объектілерді орналастыру, салу, қайта құру және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және



тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды  
т а л а п е т у г е ;

кінәлі ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды өтеттіру туралы сотқа талап-арыз беруге;

өздерінің заңдарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да құқықтарын белгіленген тәртіппен іске асыруға құқығы бар.

2. Қоғамдық бірлестіктер өздерінің қызметін қоршаған ортаны қорғау және қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

### **3 тарау. Мемлекеттік өкімет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті**

#### **7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаны қорғау саласында: мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді;

табиғат пайдаланудың әртүрлі бағыттары бойынша мемлекеттік экологиялық бағдарламалар әзірлейді, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;

қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

министрліктердің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын бақылайды;

мемлекеттік меншікті басқарады, оны пайдалану жөнінде Үкіметке жүктелген шараларды әзірлеп, жүзеге асырады;

қоршаған орта сапасының нормативтері мен шаруашылық және өзге де қызметтерге қойылатын экологиялық талаптарды әзірлеу мен бекіту тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда табиғи ресурстарды облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды, табиғат пайдалану шарттарын (келісім-шарттарын) жасасады;

табиғат пайдалануға рұқсат беру, рұқсат беруден бас тарту, оны қолдануды тоқтата тұру және күшін жою тәртібін бекітеді;

табиғат пайдаланудың әр алуан түрлері бойынша тұжырымдамаларды бекітеді, табиғат пайдаланудың мемлекеттік құрылымының, табиғи ресурстарды кешенді пайдалану, молықтыру және қорғау схемаларын бекіту және жүзеге асыру, табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрларын жүргізу тәртібін, сондай-ақ қоршаған ортаның ластанған учаскелерін және оларды ластау көздерін белгілейді;

қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін жүргізудің құрылымын, мазмұны мен тәртібін белгілейді және Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастырудың және жүргізудің ережесін бекітеді;

шаруашылық қызметтің экологиялық жағынан қауіпті түрлерінің тізбесін және оларды міндетті мемлекеттік лицензиялау тәртібін, бекітеді;

экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін бекітеді, өз құзыреті шегінде мемлекеттік қорықтар, мемлекеттік ұлттық және табиғи парктер, басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырады;

қоршаған ортаны қорғау саласында ақпарат беру мен мемлекеттік статистиканы жүргізу тәртібін белгілейді;

қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және бұл салалардағы мемлекеттік бақылау жасау міндеттерін жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар туралы ережені бекітеді, олардың қызмет тәртібін айқындайды, сондай-ақ экологиялық аудитке лицензия беру мен оны жүргізу тәртібін белгілейді;

төтенше экологиялық жағдайды хабарлау ережесін бекітеді;  
халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;

табиғат қорғау іс-шараларына жатқызудың тәртібін белгілейді;

іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу ережесін бекітеді;

мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерін стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерге жатқызу өлшемдерін бекітеді;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2001.12.24. N 276 , 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.10. N**

**8-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті  
органның құзыреті**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын өзге де орталық атқарушы органдар мен облыстардың (республикалық маңызы бар қала, астана) жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

2) қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізеді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық міндеттерді шешу үшін мемлекеттік экологиялық бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады;

3) өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне, экологиялық аудиторлық қызметке, табиғат қорғауды жобалауға, нормалауға және экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарға лицензиялар береді;

5) табиғатты пайдалануға рұқсаттар береді;

6) қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингі бойынша жұмыс жүргізеді, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесіне басшылық жасайды, өндірістік мониторинг жүргізудің үлгі тәртібін бекітеді;

7) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

8) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

8-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

8-2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың (тексеруді тағайындау туралы акт, хаттама, нұсқама) нысандарын әзірлейді және бекітеді;

8-3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдары жүйесінде зертханалық-талдамалық бақылау жұмысының қызметін жетілдіреді;

8-4) қоршаған ортаның жай-күйіне әсер ететін қызмет туралы ақпаратты, соның ішінде зертханалық-талдамалық деректерді жинау мен талдауды жүзеге асырады;

9) өзінің аумақтық органдары арқылы су объектілерін ұтымды пайдалану мен

қорғау жоспарларын келісуге, су объектілері мониторингін жүргізуге, өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, бассейндік келісімдерді әзірлеуге және олардың жүзеге асырылуын бақылауға, су объектілерін пайдалану, молықтыру және қорғау жөніндегі мемлекеттік (аймақтық және бассейндік) бағдарламалар үшін ережелер әзірлеуге, сондай-ақ су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қатысады;

10) өз құзыреті шегінде жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) жергілікті маңызы бар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларын келіседі;

12) мемлекеттік табиғи қорық қорының табиғи ресурстары мен объектілерін қорғау, молықтыру әрі пайдалану саласындағы экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

12-1) жер қойнауын қорғау жөніндегі экологиялық талаптардың, ережелер мен нормалардың сақталуына, жер қойнауын пайдаланудың барлық кезеңдерінде келісім-шарт талаптарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

12-2) өндірістік экологиялық бақылау туралы үлгі ережені бекітеді.

13) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

14) мемлекеттік табиғи қорық қорының объектілеріне жалпы басшылық жасауды үйлестіреді және жүзеге асырады;

15) табиғи ресурстарды мемлекеттік есепке алуды және олардың мемлекеттік кадастрларын жүргізеді;

16) міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды;

17) экологиялық аудиторларды аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясының құрамы мен жұмыс тәртібін, сондай-ақ экологиялық аудиторларды аттестациялау тәртібін бекітеді;

18) қоршаған ортаны ластағаны үшін базалық төлем ставкаларын бекітеді;

19) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді.

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2005.07.08.**

**N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.**

**9-бап. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқару міндеттерін**

**жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті мемлекеттік  
органдарының құзыреті**

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқару міндеттерін жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдарының құқықтық жағдайы мен құзыретін заң актілері негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.  
N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**10-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың,  
астананың) жергілікті өкілді және атқарушы  
органдарының құзыреті**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары :

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тактикалық міндеттерін шешу үшін тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және іс-шаралар тізбесін бекітеді;

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдар басшыларының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың жай-күйі туралы есептерін тыңдайды;

өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны сауықтыру, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғау мәселелері жөніндегі жолсыздықтар үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген міндетті ережелерді техникалық регламенттер негізінде қабылдайды. Ережелер оларды халыққа жария еткеннен кейін кемінде екі апта өткен соң күшіне енеді.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен базалық ставкалардан кем болмайтындай етіп жыл сайын бекітеді.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) табиғат пайдалануды :

табиғат қорғау объектілерін салу мен қайта құруды қамтамасыз ету; шағын өзендер мен су қоймаларын қорғау, олардың ластануын, су тасқынын, су басып кетуді, жағалаулардың бұзылуын және судың басқа да әсерін болғызбау

ә р і ж о ю ;

атмосфералық ауаның ластануын азайту мақсатында көлік тасқынын реттеу;

қалалар мен кенттер аумақтарының ластануы;

жерді құнарсызданудан, шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, батпақтанудан, қайталама орнығудан, құрғаудан, тығызданудан, өндіріс пен

тұтынудың тұрмыстық және қауіпті қалдықтарымен ластанудан қорғау;  
жерді өз бетімен басып алу, ағаштарды заңсыз кесу жағдайларын анықтау;  
ормандағы және даладағы өрттерден қорғау, орман ортасын құрайтын және  
орман ортасын қорғайтын функцияларын сақтауды, сондай-ақ көшеттерді,  
дәрілік, тағамдық және техникалық өсімдік шикізатын уақтылы қалпына келтіру  
жағдайларын қамтамасыз ететін тәсілдермен және әдістермен жұмыс жүргізу;  
шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде биологиялық алуан түрлілікке  
қатер төнуін болдырмау және оның теріс әсерін жою үшін шаралар қабылдау;  
атмосфералық ауаны қорғау мен сауықтыру;  
жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға резервке алу мәселелері  
б о й ы н ш а р е т т е й д і ;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген  
қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану жөніндегі іс-шаралар  
көзделетін бағдарламалар мен өзге де құжаттар әзірлеуді және оларды  
облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді  
органдарының бекітуіне енгізуді ұйымдастырады;

3) экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы бар кәсіпорындарды,  
құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға әрі қайта құруға тыйым салу туралы  
қорытындылар әзірлейді, экологиялық талаптар бұзылған жағдайда шаруашылық  
және өзге де қызмет жүргізуді тоқтата тұрады және тиісті шаралар қабылдайды;

4) ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылығы бар қоршаған орта  
объектілерін қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру  
туралы шешімдер қабылдайды немесе жоғары тұрған органдарға ұсыныстар  
е н г і з е д і ;

5) стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерді  
қоспағанда, шаруашылық қызмет объектілеріне мемлекеттік экологиялық  
сараптама ұйымдастырады және жүргізеді;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар  
ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

7) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

8) алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.

9) алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іс жүзіне  
а с ы р а д ы ;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен базалық  
ставкалардан кем болмайтындай етіп қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем  
с т а в к а л а р ы н е с е п т е й д і ;

12) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды  
әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс

етеді ;

13) Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табиғи ресурстарды пайдалану туралы ақпарат береді;

14) жеке және заңды тұлғалардың сұратуы бойынша экологиялық ақпарат беруді қамтамасыз етеді ;

15) табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды ;

16) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқару қызметтерін жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдарымен келісім бойынша қалдықтарды қоймаға жинауға, жоюға және көмуге жер учаскесін бөліп беруге шешім береді ;

17) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, елді мекендердің күтіп-ұсталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті өзін-өзі басқару органдары халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерді заңдарда белгіленген өкілеттік шегінде шешуге қатысуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.29. N 488 , 2001.07.04. N 205 , 2001.12.24. N 276 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

## **4 тарау. Табиғи ресурстар мен табиғат пайдалану**

### **11-бап. Табиғи ресурстар**

Табиғи ресурстарға меншік нысаны Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленеді.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен .

### **12-бап. Табиғат пайдаланушылар**

Табиғат пайдаланушылар заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік болып бөлінеді.

Ұлттық табиғат пайдаланушыларға - Қазақстан Республикасының азаматтары мен қазақстандық заңды тұлғалар, оның ішінде шетел қатысатын тұлғалар, ал шетелдік табиғат пайдаланушыларға - шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады.

Табиғат пайдаланушылар :

тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген); бастапқы (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру тәртібімен алынған) және қайталама (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

### **13-бап. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану**

Қазақстан Республикасында табиғи ресурстар жалпы және арнайы табиғат пайдалануда болады.

Жалпы табиғат пайдалану халықтың өмірлік қажеттерін қанағаттандыру үшін тегін және азаматтар мен ұйымдарға табиғи ресурстар берілместен жүзеге асырылады. Егер заңдарда тікелей көзделген болса, жалпы табиғат пайдалануды шектеуге жол беріледі.

Табиғатты арнайы пайдаланған жағдайда табиғи ресурстар табиғат пайдаланушыларға белгіленген тәртіппен беріледі. Табиғатты тұрақты пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен айыратын немесе иеліктен айырмайтын, ақысын төлеп немесе алатын, бастапқы немесе қайталама болуы мүмкін.

Табиғатты арнайы пайдалану немесе табиғатты шектеулі пайдалану құқығы (сервитуттар) туындауының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

### **14-бап. Табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру негіздері**

Табиғи ресурстар табиғат пайдалануға: табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар; табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімдері; табиғат пайдалану шарттары (келісім-шарттары) негізінде беріледі.

**Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **15-бап. <\*>**

**Ескерту. 15-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **16-бап. Табиғат пайдалануға рұқсат беру**

Табиғат пайдалануға берілетін рұқсат қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғат пайдаланушыға беретін және табиғат пайдаланушының



табиғи ресурстарды пайдалануға, қоршаған ортаға ластайтын заттарды шығару мен тастауға құқығын табиғат пайдаланудың нақты мерзімі мен көлемін (лимиттерін), шарттарын және қолданылатын технологияны көрсете отырып, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру құқығын куәландыратын құжат б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

#### **17-бап. Табиғат пайдалануды мемлекеттік реттеу**

Табиғат пайдалануды мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету үшін оның мемлекеттік құрылымы жүзеге асырылады, табиғи ресурстарды кешенді пайдалану, молықтыру және қорғау схемалары жасалады, табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастры, қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі жүргізіледі.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **18-бап. Табиғат пайдаланудың мемлекеттік құрылымы мен табиғи ресурстарды кешенді пайдалану, молықтыру және қорғау схемалары**

Табиғат пайдаланудың мемлекеттік құрылымы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, молықтыру мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған шаралар ж ү й е с і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Заңдарда көзделген жағдайларда табиғи ресурстарды кешенді пайдалану, молықтыру және қорғау схемалары жасалады.

#### **19-бап. Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары**

Халықтың және экономика салаларының мұқтаждары үшін пайдаланылатын табиғи ресурстардың мөлшері мен сапасын айқындау мақсатында табиғи ресурстардың жай-күйі, пайдаланылуы, молықтырылуы мен қорғалуы туралы мәліметтер жиынтығы болып табылатын олардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары жүргізіледі.

#### **20-бап. Табиғат пайдаланушылардың негізгі міндеттері және олардың құқықтарын қорғау**

1. Табиғат пайдаланушылар :  
табиғи ресурстарды нысаналы қызметіне және олардың берілу шарттарына с ә й к е с п а й д а л а н у ғ а ;

шаруашылық және өзге қызметке белгіленген экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды, қолданылып жүрген стандарттарды, техникалық ш а р т т а р д ы с а қ т а у ғ а ;

берілген табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге және басқа табиғат пайдаланушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеуге ;

қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, молықтыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

табиғи ресурстарды пайдаланғаны, қоршаған ортаны ластағаны, табиғи ресурстарды қорғағаны мен молайтқаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген төлемдерді дер кезінде төлеуге;

қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың талап етуі бойынша қажетті ақпарат беруге;

шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлері жүзеге асырылған кезде қоршаған ортаға өндірістік мониторинг пен бақылау жүргізуге;

қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы жергілікті атқарушы органдарға қажетті ақпарат беруге м і н д е т т і .

2. Табиғат пайдаланушылардың бұзылған құқықтары заңмен қорғалады. Заңда көрсетілген негіздер бойынша болмаса, ешкімді де табиғат пайдалану құқығынан айыруға немесе шектеуге болмайды.

Табиғат пайдаланушылардың бұзылған құқықтары Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген тәртіппен қалпына келтірілуге тиіс.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2001.12.24. N 276 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

## **5 тарау. Табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау**

### **21-бап. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында лицензиялануға тиісті қызмет түрлері**

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша шаруашылық қызметінің экологиялық қауіпті түрлері;
- 2) экологиялық аудиторлық қызмет;
- 3) экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалау, нормалау және жұмыстар міндетті түрде лицензиялануға тиіс.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2005.04.15. N 45 Заңдарымен.

**22-бап. Табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібі**

Табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті лицензиялауды арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Лицензиялар берудің ережелері мен тәртібі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.04.15. N 45 Заңдарымен.

**23-бап. Табиғат пайдалану шарты (келісім-шарты)**

Табиғат пайдалану шарты (келісім-шарты) табиғат пайдаланушы мен атқарушы органдар немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында заңдарда белгіленген тәртіппен жасалады.

Егер табиғи ресурстарды пайдалану мен шаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру міндетті түрде мемлекеттік лицензиялауды талап ететін болса, табиғат пайдаланушы алдын ала лицензия алмаған жағдайда, табиғат пайдалану шарты (келісім-шарты) жарамсыз болып табылады.

Шарттың (келісім-шарттың) қолданылу мерзімі, тоқтатылу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына немесе лицензияға сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді.

Шарттың (келісім-шарттың) лицензияға қайшы келетін шарттары жарамсыз болып табылады. Лицензияны қайтарып алу шарттың (келісім-шарттың) тоқтатылуына әкеп соғады.

Табиғат пайдалану жөніндегі шарт (келісім-шарт) оған қол қойылғанға дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге тиіс.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен.

**6 тарау. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингі**

**24-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады және онда:

1) қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйіне, сондай-ақ оларға антропогендік ықпал жасау көздеріне белгілі бір бағдарлама бойынша жүргізілетін бақылау;

2) аталған бақылау объектілерінің жай-күйін бағалау;

3) олардағы өзгерістерді болжау қамтылады.

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингі қоршаған ортаны қорғау саласында басқарушылық және шаруашылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету және табиғи ресурстарды пайдалану мақсатымен жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасында Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесі құрылып, жұмыс істейді, оны ұйымдастыру және жүргізу ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

#### 4. а л ы п т а с т а л д ы

5. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде алынатын ақпарат мемлекеттік меншік болып табылады және оны атқарушы органдар басқарушылық және шаруашылық шешімдер әзірлеу мен қабылдау және олардың пайдаланылуын бақылау үшін, сондай-ақ халыққа хабарлау үшін пайдаланады.

6. Барлық мемлекеттік органдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаның мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру жөніндегі қажетті ақпаратты тегін, заңдарда белгіленген нысандар бойынша және мерзімде табыс етіп отырады.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

#### **25-бап. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі**

1. Заңды тұлғалар - табиғатты пайдаланушылар қоршаған ортаның өндірістік мониторингін, өздері жүзеге асыратын шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға жасайтын ықпалы туралы есепті және есеп беруді жүргізуге міндетті.

2. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі үшін пайдаланылатын өлшеу құралдары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3. Өндірістік мониторинг деректері мен стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілердің қоршаған ортаға әсері туралы есептілік - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға, шаруашылық қызмет субъектілерінің - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде беріледі.

4. Қоршаған ортаға ластағыш заттар нормадан тыс шығарылған (тасталған), авариялық және төтенше жағдайлар туындаған реттерде, табиғат пайдаланушы кәсіпорындар ол туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына заңдарда белгіленген мерзімде жедел хабарлауға міндетті.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

## **7 тарау. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігі**

### **26-бап. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері**

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері: қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру ;

табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген төлемдер;

қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы төлеу;

табиғи ресурстарды қорғау және молықтыру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген төлемдер;

қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру; экологиялық сақтандыру;

қоршаған ортаны ластаудан келтірілген зиянды экономикалық бағалау және өтеу болып табылады.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 , 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

### **27-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру**

1. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар болжамдық және бағдарламалық-нысаналы құжаттар мен материалдарда ескеріледі, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын индикативті жоспарлаудың жобаларына, табиғат пайдаланудың әртүрлі бағыттары жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамаларға енгізіледі.

Табиғат пайдаланудың әртүрлі бағыттары жөніндегі экологиялық бағдарламалар мен тұжырымдамаларды әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру:

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) экологиялық сақтандыру қаражаты;
- 3) табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтары есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205, 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

### **28-бап. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер**

Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде K010209\_ белгіленген салықтар, алымдар және төлемдер түрінде табиғат пайдаланушылардан алынады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

### **29-бап. Қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы төлеу**

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін ақы ластайтын заттарды шығарғаны және тастағаны, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін ұйымдар мен азаматтардан алынады.

Қоршаған ортаны белгіленген лимиттерден тыс ластағаны үшін ақы Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген көтеріңкі мөлшерде алынады.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін бюджетке төленетін ақының сомасын есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205, 2001.12.24. N 276, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

### **30-бап. Табиғи ресурстарды қорғау мен молайту үшін төленетін төлемдер**

Табиғи ресурстарды қорғау мен молайтуды жүзеге асыруға арналған бюджет шығындарының орнын толтыруды өтеу ретінде табиғат пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төлем алынады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

### **31-бап. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру**

1. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру қоршаған ортаны қорғауды тиімді жүзеге асыратын заңды тұлғаларға - табиғат пайдаланушыларға

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктер мен преференциялар беру және ынталандыратын сипаттағы өзге де шаралар арқылы жүзеге асырылады.

2. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру заңдарға қайшы келмейтін шаралар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

**Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **32-бап. Экологиялық сақтандыру**

1. Экологиялық сақтандыру қоршаған ортаға, басқа адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі туындаған кездегі жеке және заңды тұлғаның мүліктік құқықтарын (сақтандырылғандарын) қорғауға байланысты қатынастар кешені болып табылады.

2. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық жағынан қауіпті түрлерімен айналысатын заңды тұлғалар мен азаматтар міндетті түрде экологиялық сақтандырылуға тиіс. Міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түріне лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы мүмкін.

3. Ерікті экологиялық сақтандыру заңды тұлғалар мен азаматтардың өз еркін білдіруі бойынша жүзеге асырылады. Ерікті экологиялық сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі сақтанушылар мен сақтандырушылардың арасындағы келісімдермен белгіленеді.

4. Міндетті экологиялық сақтандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді.

**Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен.**

**33 - б а п . < \* >**

**34 - б а п . < \* >**

**Ескерту. 33-34-баптар алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен.**

## **8 тарау. Экологиялық нормалау**

**Ескерту. Тараудың атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен.**

### **35-бап. Экологиялық нормалардың негізгі міндеттері мен талаптары**

Экологиялық нормалау қоршаған ортаға ықпал етудің экологиялық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығын сақтауға кепілдік беретін, қоршаған ортаның ластануын болдырмауды, табиғи ресурстарды молықтыруды және

ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін, ғылыми негізделіп жол берілетін шекті нормаларын белгілеу мақсатын көздейді.

Экологиялық нормалаудың негізгі міндеттеріне:

Экологиялық нормаларды белгілеу және олардың адам денсаулығына, табиғи ресурстарды қорғауға, молықтыруға және ұтымды пайдалануға ықпалын анықтау ;

қоршаған ортаға зиянды әсердің жол берілетін шекті шамалары мен деңгейлерін белгілеу кіреді.

Қоршаған орта сапасының белгіленген нормативтерін асыра көрсетуге немесе оларды уақытша және төмендетілген нормалармен алмастыруға жол берілмейді.

Нормативтер шамаларын аумақтардың нақты экологиялық жағдайларына байланысты қатаңдату жағына қарай өзгертуге жол беріледі.

Бекітілген экологиялық нормативтер барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады, жариялануға және еркін таратылуға тиіс.

**Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен .**

### **36-бап. Экологиялық нормативтердің негізгі түрлері**

Экологиялық нормативтердің негізгі түрлеріне:

қоршаған ортада зиянды заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шоғырлану нормативтері;

қоршаған ортаға ластайтын заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шығарылу және тасталу нормативтері;

шудың, тербелістің, магнит өрістері мен өзге де зиянды физикалық әсерлердің жол беруге болатын шекті деңгейінің нормативтері;

радиациялық әсердің жол беруге болатын шекті деңгейінің нормативтері;

агрохимикаттарды ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында қолданудың жол беруге болатын шекті нормалары;

қорғау, санитариялық-қорғаныш және өзге де қорғаныш аймақтарының нормативтері;

зиянды (ластағыш) заттарды шығарудың, тастаудың үлес нормативтері;

қалдықтармен жұмыс істеу нормативтері жатады. <\*>

Қазақстан Республикасының заңдарында экологиялық нормативтердің өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

**Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

**37-бап. Қоршаған ортада зиянды заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шоғырлану нормативтері**



Халықтың денсаулығын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, олардың генетикалық қорларын сақтау мақсатында атмосфералық ауаны, суды, топырақ пен жер қойнауын ластауы ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шоғырлануының нормативтері белгіленеді.

**38-бап. Қоршаған ортаға ластайтын заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шығарылу және тасталу нормативтері**

Тиісті аумақта қоршаған ортаны ластаудың барлық көздері мен көлемдерін ескере отырып, халықтың денсаулығына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне олардың жасайтын кешенді ықпалына жол бермеу мақсатында ластанудың әрбір көзі бойынша қоршаған ортаға ластайтын заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шығарылу және тасталу нормативтері белгіленеді.

**39-бап. Шудың, тербелістің, магнит өрістері мен өзге де зиянды физикалық әсерлердің жол беруге болатын шекті деңгейінің нормативтері**

Халықтың денсаулығы мен еңбек қабілетін сақтау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, тіршілік үшін қолайлы қоршаған ортаны қорғау мақсатында шудың, тербелістің, магнит өрістері мен өзге де зиянды физикалық әсерлердің жол беруге болатын шекті деңгейлерінің нормативтері белгіленеді.

**40-бап. Радиациялық әсердің жол беруге болатын шекті деңгейінің нормативтері**

Адамның денсаулығы мен генетикалық қорына төнетін қауіпті болдырмау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау мақсатында қоршаған орта мен тамақ өнімдеріндегі радиациялық әсердің жол беруге болатын шекті деңгейінің нормативтері белгіленеді.

**41-бап. Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында агрохимикаттарды қолдануға жол берілетін шекті нормалар**

Адамның денсаулығын және генетикалық қорын сақтау, өсімдік және жануарлар дүниесін қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында минералдық тыңайтқыштарды, өсімдік қорғау құралдарын, стимуляторларды және басқа да агрохимикаттарды, тамақ өнімдеріндегі, топырақ пен судағы химиялық заттар қалдықтарының жол берілетін шекті нормативтерінің сақталуын қамтамасыз ететін мөлшерде қолдануға жол берілетін шекті нормалары белгіленеді.

**42-бап. Күзетілетін, санитариялық-қорғаныш және өзге де қорғаныш өңірлері**

Қоршаған ортаға зиянды әсерді болғызбау және ерекше күзетуді қажет ететін объектілерді сақтау мақсатында күзетілетін, санитариялық-қорғаныш және өзге де қорғаныш өңірлері белгіленеді.

Күзетілетін, санитариялық-қорғаныш және өзге де қорғаныш өңірлерінің көлемдері, оларды пайдалану режимдері заңдарға сәйкес белгіленеді.

## **9 тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу**

**Ескерту. 9-тарау жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.**

### **43-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу объектілері**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу объектілеріне Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе оның аумағына әкелінетін, экологиялық қауіпсіздікке, адамның өмірі мен денсаулығына, табиғи ресурстарды молайтуға және ұтымды пайдалануға, сондай-ақ өнімнің өмірлік циклінің процестеріне қауіп төндіруі мүмкін өнім жатады.

### **44-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өнім мен оның өмірлік циклі процестеріне қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейтін техникалық регламенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

Техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін, нарыққа орналастырылған өнімнің айналымына, сондай-ақ өнімді осы талаптарды бұзу арқылы жобалауға, өндіруге, пайдалануға, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге, кәдеге жаратуға және жоюға тыйым салынады.

### **45-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы сәйкестікті растау**

Техникалық регламенттерге сәйкестікті анықтау үшін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестікті растау жүзеге асырылады.

Сәйкестігі міндетті түрде расталуға жататын өнімді сәйкестікті растау саласындағы тиісті құжатсыз өткізуге тыйым салынады.

## **10 тарау. Шаруашылық және өзге қызметке қойылатын экологиялық талаптар**

### **46-бап. Қоршаған ортаға ықпалды бағалаудың міндеттілігі**

Қоршаған ортаға әсерді бағалау басқару және шаруашылық шешімдерінің қабылданатын нұсқаларының экологиялық және өзге де зардаптарын анықтау, қоршаған ортаны сауықтыру, табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуын, азып-тозуын, бүлінуін және сарқылуын болдырмау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері жобалау алдындағы және жобалау материалдарының ажырамас бөлігі болып табылатын құжат түрінде ресімделеді. Қоршаған ортаға жасалатын әсер бағаланбайынша, оған ықпал жасайтын жобаларды әзірлеу мен іске асыруға тыйым салынады.

Қоршаған ортаға теріс әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді қайта бейімдеу, уақытша тоқтатып қою, меншігін ауыстыру және тарату қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша не олардың қоршаған ортаға жасалатын әсерді бағалау жөнінде жүргізген тексерулерінен, анықталған жолсыздықтар жойылғаннан және келтірілген зиянның орны белгіленген тәртіппен толықтырылғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

Қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу тәртібі экологиялық сараптама туралы заңдармен анықталады.

**Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен .**

#### **47-бап. Табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

Жерді, жер қойнауын, суды, атмосфералық ауаны, ормандарды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған ортаны қорғау объектілерін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

Табиғи экологиялық жүйелердің бүлінуін, адамның, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генетикалық қорларының жойылуын, қоршаған ортаның халық өмірі мен денсаулығына қауіпті өзгерістерін туғызатын шаруашылық және өзге де қызметке тыйым салынады.

#### **48-бап. Жобалауға қойылатын экологиялық талаптар**

Елді мекендерді, кәсіпорындарды, үйлер мен құрылыстарды өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы объектілерін, сумен жабдықтау, канализация, гидротехникалық құрылыстар жүйелерін, көлік және байланыс құралдарын, технологиялық процестерді, бұйымдар мен жабдықтарды, басқа да объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы қауіпсіздіктің міндетті талаптары сақталуға, зиянды қалдықтарды залалсыздандыру мен кәдеге жарату,

қалдығы аз және қалдықсыз технологиялар мен өндірістер, қоршаған орта ластануының алдын алу жөніндегі тиімді шаралар, табиғи ресурстарды молықтыру мен ұтымды пайдалану көзделуге тиіс.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болмаған жобалар бекітілмеуге тиіс, ал бұл жобаларды іске асыруды қаржыландыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.**

**49-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезіндегі экологиялық талаптар**

Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын орындар қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды молықтыру мен ұтымды пайдаланудың шарттары мен ережелерін сақтап, аталған объектілер қызметінің экологиялық зардаптары ескеріле отырып белгіленеді.

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезінде күзетілетін, санитариялық-қорғаныш және өзге де өңірлер белгіленеді.

**50-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу мен қайта құру кезіндегі экологиялық талаптар**

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу мен қайта құру мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда және қоршаған ортаның сапалық нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бекітілген жобаны немесе жұмыс құнын қоршаған ортаны қорғауға зиян келтіретіндей етіп өзгертуге жол берілмейді.

Құрылыс жұмыстарын атқару кезінде жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молықтыру мен ұтымды пайдалану, аумақты көркейту және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар қолдануға тиіс.

**51-бап. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде қойылатын экологиялық талаптар мен міндеттемелердің есебі**

1. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде жекешелендіруді жүзеге асыруға уәкілетті атқарушы орган экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Кәсіпорындар мен өзге де объектілерді жекешелендіру экологиялық жай-күйді тексеру нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады. Кәсіпорынның немесе өзге де объектінің экологиялық жағдайын тексеру кәсіпорынды және өзге де объектіні жекешелендіру жоспарында көзделіп, мемлекеттік экологиялық бақылау органының қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Жекешелендірілетін кәсіпорындар мен өзге де объектілерді тазарту және залалсыздандыру жөніндегі шараларды қаржыландыру мемлекет есебінен және (немесе) жаңа меншік иесінің келісімімен мына көздерден:

1) кәсіпорынның жаңа иесі табиғат қорғау объектілерін салуды, қайта құруды және техникалық жағынан қайта жарактандыруды қайта инвестициялайтын қ а р а ж а т ;

2) жекешелендірілген кәсіпорын мен өзге де объектіге нысаналы несиелер, процентсіз қарыз және табиғат қорғау мұқтаждарын нысаналы қаржыландыру түрінде түсетін қ а р а ж а т ;

3) кәсіпорынның экологиялық сақтандыру жүйесі арқылы алатын қаражаты е с е б і н е н .

4 ) а л ы п т а с т а л д ы

5 ) а л ы п т а с т а л д ы

**Ескерту. 51-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **52-бап. Банкроттық жағдайындағы экологиялық талаптар мен міндеттемелердің есебі**

1. Заңды тұлғаға - табиғат пайдаланушыға қатысты банкроттық туралы іс қозғалған жағдайда кәсіпорынның және өзге де объектінің экологиялық жай-күйіне тексеру жүргізіледі.

2. Кәсіпорынның және өзге де объектінің экологиялық жай-күйіне тексеру жүргізу міндеті санацияны жүзеге асыратын органға не сыртқы басқарушыға жүктеледі.

3. Банкроттыққа әкеп соққан шаруашылық қызметінің нәтижесі, сондай-ақ кәсіпорынның экологиялық талаптарды сақтауы тексеру объектісі болады.

4. Заңды тұлғаның - табиғат пайдаланушының банкроттығы туралы іс жүргізілген жағдайда несие берушілердің экологиялық міндеттемелер жөніндегі мүдделерін есепке алу қамтамасыз етіледі.

#### **53-бап. Заңды тұлға таратылған және қайта ұйымдастырылған кездегі экологиялық талаптар мен міндеттемелердің есебі**

1. Заңды тұлғаны - табиғат пайдаланушыны тарату мен қайта ұйымдастыру кәсіпорынның жай-күйін тексеру және (немесе) экологиялық сараптама деректерінің негізінде экологиялық талаптар ескеріліп, олардың нәтижелерін заңды тұлғаны қайта ұйымдастырудың тиісті нысаны кезінде жасалатын тарату балансында міндетті түрде көрсете отырып жүзеге асырылады.

2. Таратылатын немесе қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның экологиялық жай-күйін тексеру мемлекеттік экологиялық сараптама органының қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда жаңа меншік иесінің бөлу балансына сәйкес экологиялық міндеттемелер жөніндегі құқыққа мирасқорлығы қамтамасыз етіледі.

4. Заңды тұлға несие берушілердің экологиялық міндеттемелер жөніндегі мүдделері ескеріле отырып таратылады.

**54-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру және пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемінде орындалған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, оның жергілікті жерлердегі аумақтық бөлімшелерінің және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен құрылатын қабылдау комиссияларының актілері бойынша жүргізіледі.

Зиянды қалдықтарды, ластайтын заттардың шығарындыларын жол берілетін шекті нормативтер деңгейіне дейін тазарту, залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі қондырғылармен және жабдықтармен, қоршаған ортаның ластануын бақылау құралдарымен қамтамасыз етілмеген кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молықтыру мен ұтымды пайдалану жөнінде жобаланып қойылған жұмыстарды аяқтамай пайдалануға беруге тыйым салынады.

**Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**55-бап. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсаттағы және мелиорация объектілерін пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсаттағы және мелиорация объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптарды ескеріп және экологиялық жағынан негізделген технологияларды, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитариялық-қорғаныш өңірлерін пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде қалдығы аз және қалдықсыз технологиялар мен өндірістер енгізілуге тиіс, олар зиянды қалдықтарды, ластайтын заттардың шығарындылары мен тастандыларын тазартуға, залалсыздандыруға және кәдеге жаратуға арналған тиімді құралдармен жарақтандырылуға, отынның қауіпсіз түрлері қолданылып, табиғи ресурстарды үнемдеп және ұтымды пайдалануға, экологиялық қауіпсіздік жөнінде шаралар

Халық тығыз орналасқан аумақтарда, сейсмикалық қауіпті аймақтарда, ежелден халық жаппай дем алатын және емделетін жерлерде атом және су-электр станцияларын жобалауға, салуға тыйым салынады.

**56-бап. Қалалар мен басқа да елді мекендер салу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Қалалар мен басқа да елді мекендерді жобалау, салу, қайта құру, экологиялық қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау талаптарын ескере отырып, халықтың өмір сүруі, еңбек етуі және демалуы үшін неғұрлым қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау мен салу кезінде өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық қалдықтарды санитариялық тазарту, залалсыздандыру, кәдеге жарату, қоймаға жинау, қауіпсіз етіп адалау, өңдеу және көму көзделіп жүзеге асырылуға тиіс. Ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары жанынан табиғат пайдаланудың шектеулі режимі енгізілген орман-парк, жасыл желек және қорғаныш өңірлері құрылуға тиіс.

**57-бап. Радиоактивті материалдарды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Ұйымдар мен азаматтар радиоактивті материалдарды өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың, кәдеге жаратудың, адалаудың және көмудің белгіленген ережелерін сақтауға, радиациялық әсердің жол беруге болатын шекті деңгейі нормативтерінің бұзылуына жол бермеуге, қоршаған ортаның радиациялық ластануының алдын алу және жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден радиациялық қалдықтар мен материалдарды сақтау немесе көму мақсатында әкелуге тыйым салынады. Радиоактивті заттардың қоршаған ортаға түсуіне жол бермеу жөнінде шаралар жүргізбейінше радиоактивті қалдықтар мен материалдарды жер бетіне және жер қойнауына көмуге де (орналастыруға) тыйым салынады.

Қоршаған ортаның радиоактивтік ластануы байқалған жағдайда ұйымдар мен азаматтар бұл туралы бақылаушы органдарды дереу хабардар етуге тиіс.

**58-бап. Ықтимал қаупі бар химиялық және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

Ықтимал қаупі бар химиялық және биологиялық заттарды өндіру мен қолдануға оларды қажетті уыттық-гигиеналық және экологиялық-уыттылыққа қатысты зерттеулер жүргізіліп, олармен жұмыс істеу гигиеналық жағынан реттелгеннен кейін, гигиеналық және экологиялық нормативтер белгіленіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік тіркеу

жүзеге асырылғаннан кейін жол беріледі.

Жергілікті табиғатқа тән емес, сондай-ақ жасанды жолмен алынған биологиялық объектілерді қоршаған ортада өсіруге және орналастыруға тиісті экологиялық негіздемелер болған жағдайда және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша жол беріледі.

**Ескерту. 58-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **59-бап. Қоршаған ортаны зиянды физикалық әсерден қорғау**

Ұйымдар мен азаматтар қалалар мен басқа да елді мекендердің өндірістік, қоғамдық және тұрғын үй-жайларында, көшелерінде, аулаларында, алаңдарында, халық дем алатын өңірлерде және жабайы хайуанаттар мекендейтін жерлерде шудың, тербелістің, магнит өрісінің зиянды ықпалы мен өзге де зиянды физикалық әсерлердің алдын алу мен жою жөнінде қажетті шаралар қолдануға м і н д е т т і .

Қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау және салу, өндірістік немесе өзге де объектілерді жобалау, салу, қайта құру және пайдалану, жаңа техниканы, көлік пен байланыс құралдарын жасау, игеру және пайдалану кезінде шудың, тербелістің, магнит өрісінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің жол берілетін шекті деңгейінің нормативтері ескерілуге тиіс.

#### **60-бап. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қалдықтарды қоймаға жинау, жою және көму облыстардың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімімен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқару қызметтерін жүзеге асыратын арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдарымен келісе отырып, белгіленген жерлерде жүргізіледі.

1-1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз қоршаған ортаға ластағыш заттарды шығаруға және тастауға, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасына қалдықтарды өңдеу, көму немесе сақтау үшін алып келу Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Залалсыздандыруға немесе пайдаланылғаннан кейін кәдеге жаратуға арналған технологиясы жоқ өнімдерді шеттен әкелуге тыйым салынады.

4. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар осы Заңмен қатар, қалдықтар туралы заңдармен және өзге нормативтік құқықтық актілермен анықталады.

5. Өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық қалдықтардың пайда болуы мен



пайдаланылуы мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

Ескерту. 60-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

#### **60-1-бап. Қалдықтардың паспорты**

Өз қызметтерінің процесінде қалдықтар пайда болатын жеке және заңды тұлғалар қалдықтардың паспортын жасауға тиіс, оның үлгілік нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 60-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **60-2-бап. Қалдықтар орналастырылатын объектілерге қойылатын талаптар**

1. Қалдықтар орналастырылатын объектілер құрылысының орнын анықтау мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда арнайы (геологиялық, гидрологиялық және өзге) зерттеулер негізінде жүзеге асырылады.

2. Жеке және заңды тұлғалар қалдықтарды орналастыру объектілерінің аумақтарында және олардың қоршаған ортаға әсер етуі шегінде қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қоршаған орта жай-күйінің мониторингін жүргізуге міндетті.

3. Жеке және заңды тұлғалар қалдықтарды орналастыру объектілерін пайдалануды аяқтағаннан кейін олардың жай-күйін және қоршаған ортаға әсерін бақылауға және бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға міндетті.

4. Елді мекендердің аумақтарында, орман саябақтары, курорт, емдеу-сауықтыру, рекреациялық, сондай-ақ су қорғау аймақтарында, ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын жерасты су объектілерінің су жиналатын алаңдарында қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Пайдалы қазбалар жатқан жерлердің ластану қаупі және кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізуге қауіп туындаған жағдайда пайдалы қазбалар жатқан жерлерде қалдықтарды көмуге және кен жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Ескерту. 60-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **60-3-бап. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын талаптар**

1. Қауіпті қалдықтар түзілетін шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар :

1) осы қалдықтардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қауіптіліктің нақты сыныбына жатқызылуын растауға;

2) қалдықтарды олардың түріне қарай жою, кәдеге жарату немесе қайта пайдалану жөнінде іс-шаралар әзірлеуге және жүзеге асыруға;

3) қалдықтарды жинау мен қайта өңдеуді қамтамасыз ететін, қоршаған ортаның ластануын болғызбайтын жүйелерді құруға және енгізуге;

4) қоршаған ортаға және адамның денсаулығына әсерін ескере отырып, қалдықтардағы зиянды металдар мен басқа заттардың болуы жөніндегі белгіленген нормалардың орындалуын қамтамасыз етуге;

5) қалдықтарды қайта пайдаланудың жоғары дәрежесіне қол жеткізу және олардың жиналуы мен өңделуіне жауапты қызметкердің денсаулығына және қауіпсіздігіне қатысты проблемаларды болғызбау қажеттігіне байланысты қалдықтарға түзілген жерлерінде сұрыптау жүргізуге тиіс.

2. Жеке және заңды тұлғалардың қауіпті қалдықтар түзілетін процестегі қ ы з м е т і н е :

1) қалдықтармен жұмыс істеудің адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген кезде шектеу;

2) адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соқтыратын қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптар бірнеше рет (екі реттен көп) бұзылған жағдайда тыйым салынуы мүмкін.

3. Қалдықтардың түріне байланысты оларды уақытша сақтау мерзімі қалдықтардың адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекелі барынша аз болатындай етіп белгіленеді.

4. Қалдықтардың түріне байланысты оларды тасымалдау шарттары мен құралдары олардың сақталуын және адам денсаулығы мен өмірі, қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

5. Қалдықтардың түріне байланысты оларды тасымалдау және сақтау құралдары қалдықтардың шығу ықтималдығын болғызбайтындай герметикалық болуға және техникалық регламенттерде белгіленген сақтандыратын таңбалық деректері мен белгілері болуға тиіс.

6. Қалдықтардың көмілген жерлері және көму әдістері қоршаған ортаға (жерүсті және жерасты суларына, топыраққа, ауаға) қалдықтардың құрамындағы ластаушы заттардың ену ықтималдығын болғызбауға тиіс.

7. Қалдықтарды кәдеге жарату қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекелін барынша азайтып, қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін әдістермен жүзеге асырылуға тиіс.

8. Қалдықтарды сақтау, тасымалдау, көму және кәдеге жарату жөніндегі жұмыстарға қатысатын қызметкер қалдықтардың сипаты, зиян келтірудің ықтимал тәуекелі және жеке бастың қауіпсіздігі мен кәсіпорынның басқа да

қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы х а б а р д а р е т і л у г е т и і с .

9. Табиғат пайдаланушылар өндірістік қалдықтармен байланысты мәселелерді шешуге және қалдықтардың қауіпсіздігін, оларды сақтау, тасымалдау, көму мен кәдеге жаратуды қамтамасыз ететін талаптар мен н о р м а л а р д ы с а қ т а у ғ а т и і с .

**Ескерту. 60-3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.**

#### **60-4-бап. Қалдықтарды халықаралық тасымалдау**

Қалдықтарды халықаралық тасымалдау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген т ә р т і п п е н жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында қалдықтарды әкелуге (әкетуге) бақылауды шекаралық, көліктік және кедендік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға с ә й к е с қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 60-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **61-бап. Әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар**

Осы Заңмен белгіленген экологиялық талаптар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, әскери және қорғаныс объектілері мен әскери қызметке толық көлемінде қолданылады.

#### **62-бап. Климатты және Жердің озон қабатын қорғау**

Климатты және Жердің озон қабатын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **10-1-тарау. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

**Ескерту. 10-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **62-1-бап. Үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді жобалауға, салуға, қайта құруға, тоқтатып қоюға және жоюға қойылатын талаптар**

1. Пайдалану процесінде қалдықтар пайда болатын үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді жобалау, салу, қайта құру, тоқтатып қою және жою кезінде жеке және заңды тұлғалар:

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдарында белгіленген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды сақтауға;

пайда болатын қалдықтарды пайдалану, залалсыздандыру, кәдеге жарату туралы нормативтік-техникалық құжаттамасы бар болуға міндетті.

2. Пайдаланылуы қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді салуға, қайта құруға, тоқтатып қоюға және жоюға мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалар мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы сараптамалардың оң қорытындысы болған жағдайда жол беріледі.

3. Пайдаланылу процесінде қалдықтар пайда болатын үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді жобалау кезінде оларды жинау үшін орын (алаң) қарастыру қажет.

**Ескерту. 62-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **62-2-бап. Үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалану кезіндегі**

#### **талаптар**

1. Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдарында белгіленген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды сақтауға;

қалдықтармен жұмыс істеу нормативтерінің жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен әзірлеуге және оған бекітуге ұсынуға;

ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде аз қалдықты технологияларды енгізуге;

қалдықтар мен олар орналастырылатын объектілерге түгендеу жүргізуге; қалдықтарды орналастыру объектілерінің аумақтарында қоршаған орта жай-күйінің мониторингін жүргізуге;

қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу талаптарын сақтауға және оларды жою жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қолдануға;

қоршаған ортаға, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың денсаулығына

немесе мүлкіне залал келтіретін немесе келтіруі мүмкін қалдықтармен жұмыс істеу кезінде авариялар туындаған немесе қауіп төнген жағдайда, бұл туралы қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға дереу хабарлауға міндетті.

2. Қалдықтармен жұмыс істеу адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіпті әсер етуге әкеп соқтыратын үй-жайларды, құрылыстарды, ғимараттарды және өзге де объектілерді пайдалануға тыйым салынады.

**Ескерту. 62-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**62-3-бап. Елді мекендердің аумақтарында қалдықтармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар**

1. Елді мекендердің аумақтары қалдықтардан үнемі тазартылып тұруға тиіс.

2. Елді мекендердің күтіп-ұсталуын бақылауды жергілікті атқарушы органдар санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып қ а м т а м а с ы з е т е д і .

**Ескерту. 62-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**62-4-бап. Қалдықтарды тасымалдауға қойылатын талаптар**

1. Қалдықтарды тасымалдауға:

1) қалдықтардың паспорты;

2) қауіпті қалдықтарды тасымалдауға қойылатын қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, арнайы жабдықталған және арнайы белгілермен жабдықталған к ө л і к қ ұ р а л д а р ы ;

3) тасымалданатын қауіпті қалдықтардың санын, оларды тасымалдау мақсаты мен апаратын орнын көрсете отырып, қауіпті қалдықтарды тасымалдау құжаттары мен оларды беруге арналған құжаттар болған кезде жол беріледі.

2. Қауіпті қалдықтарды тасымалдаудың тәртібін, оның ішінде тиеу-түсіру жұмыстарын орындауды, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен к е л і с і м б о й ы н ш а а й қ ы н д а й д ы .

**Ескерту. 62-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**11 тарау. Экологиялық сараптама**

### **63-бап. Экологиялық сараптама және оның түрлері**

Экологиялық сараптама - шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкес келуінің, осы қызметтің қоршаған ортаға жасалуы мүмкін теріс әсерлерінің және соларға байланысты зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске асыруға жол берілуінің анықтамасы.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық сараптама және қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады.

### **64-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының экологиялық сараптама туралы заңдарында айқындалған құзыреті шегінде жүргізеді.

Міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын объектілер тізбесі, оны жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өнім (жұмыс, қызмет) міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге жатқызылса, оның оңды қорытындысынсыз Қазақстан Республикасының аумағында оны өндіруге немесе оған әкелуге тыйым салынады.

Экологиялық сараптаманың қорытындысы ресми құжат болып табылады, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған қатысты дау сотта қаралуы мүмкін.

**Ескерту. 64-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **65-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама**

Қоғамдық бірлестіктер немесе халықтың өзге де топтары қоғамдық экологиялық сараптама жүргізе алады.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың ұйымдастыру нысандары және қоғамдық бірлестіктердің экологиялық сараптама саласындағы өкілетті экологиялық сараптама туралы заңдармен белгіленеді.

Қоғамдық сараптаманың қорытындысы ақпараттық және ұсыныс жасау сипатында болады.

## **12 тарау. Қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды объектілері**

### **66-бап. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры**

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры - табиғат эталондары, уникалдар және реликттер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту және рекреация

нысанасы ретінде қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, ерекше мемлекеттік қорғауға алынған объектілердің жиынтығы.

Мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау қоршаған ортаның экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды объектілерін пайдалану ісінде тыйым салу және шектеулер белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **67-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - ерекше қорғаудың құқықтық режимімен не шаруашылық қызметтің мемлекеттік табиғи-қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін режимімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарымен белгіленеді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру тәртібі, қорғау және пайдалану режимдері, олардың қызмет жағдайлары Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

**Ескерту. 67-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 , 2001.07.04. N 205 , 2004.05.25. N 553 Заңдарымен.**

### **13 тарау. Төтенше экологиялық ахуал және экологиялық апат аймақтары**

#### **68-бап. Төтенше экологиялық ахуал**

Төтенше экологиялық ахуал - адам қызметінің немесе табиғаттың дүлей күштерінің салдарынан белгілі бір аумақта пайда болған, қоршаған ортаның, адамдардың өмірі мен денсаулығы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау үшін қауіпті, терең және тұрақты теріс өзгерістерімен сипатталатын қолайсыз экологиялық ахуал.

Республиканың жекелеген аумақтарындағы төтенше экологиялық ахуал кезінде заңдарда көзделген тәртіппен шаруашылық қызмет пен табиғат пайдаланудың жекелеген түрлеріне тыйым салынуы немесе олар шектелуі мүмкін, табиғи ресурстарды қалпына келтіру (молықтыру), қоршаған ортаны сауықтыру, халықты әлеуметтік қорғау жөнінде жедел шаралар жүргізіледі.

#### **69-бап. Экологиялық апат аймақтары**

1. Егер қолайсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі нұқсан келтірілсе және (немесе) табиғи экологиялық жүйелер бұзылып, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесі азып-тозса, экологиялық ахуал төтенше аумақтар экологиялық апат аймақтары деп жарияланады.

2. Экологиялық апат аймақтары әрбір жеке жағдайда өз кезегінде төтенше экологиялық ахуалдың күрделілігі мен ауырлығына немесе осы жағдайға себеп болған факторларға қарай кіші аймақтарға (экологиялық апаттар, экологиялық дағдарыс, экологиялық дағдарыс алдындағы жай-күйлер және басқалар) бөлінеді.

3. Табиғи ресурстарды молықтыру, қоршаған табиғи ортаны сауықтыру, халыққа медициналық көмек көрсету жөніндегі шаралар Үкімет бекітетін республикалық нысаналы бағдарламаларға сәйкес экологиялық апат аймағының белгілі бір кіші аймақтары бойынша сараланып әзірленеді және жүзеге асырылады.

4. Экологиялық апат аймағында:

1) қолайсыз экологиялық жағдайдың пайда болуына себепші болған шаруашылық объектілерінің қызметі тоқтатылады;

2) адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды ықпал ететін ұйымдардың, цехтардың, агрегаттар мен жабдықтардың қызметі тоқтатылту ұ р у ы м ү м к і н ;

3) табиғат пайдаланудың жекелеген түрлеріне шек қойылады;

4) қажет болған жағдайда адамдарды көшіру жөнінде шаралар жүргізіледі.

5. Төтенше экологиялық ахуал салдарынан зардап шеккен, сондай-ақ экологиялық апат аймақтарында тұратын азаматтар өтемақылардың, жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғаудың басқа да түрлерін қоса алғанда өздеріне келтірілген зиянды өтеттіруге құқығы бар.

Азаматтарды төтенше экологиялық ахуалдың салдарынан зардап шеккен адамдар қатарына жатқызу тәртібі, оларды әлеуметтік қорғау нысандары заңдарда белгіленеді.

#### **70-бап. Төтенше экологиялық ахуалды және экологиялық апат аймақтарын жариялау тәртібі**

Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағында төтенше экологиялық ахуалды Үкімет жариялайды.

Экологиялық апат аймақтары Қазақстан Республикасының заңдарымен жарияланады.

Экологиялық апат аймақтарының шекараларын белгілеуді Үкімет қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және ғылым саласындағы арнайы уәкілетті атқарушы органдардың оң қорытындысы болған жағдайда жүзеге асырады.

**14 тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат пен мемлекеттік статистика**



## **71-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат**

Қоршаған ортаның жай-күйі, ластануы және сауықтырылуы туралы, қаржыландыру (қаржыландыру көздері) туралы, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шараларға қаражат жұмсау, табиғи ресурстардың жай-күйі, молықтырылуы мен пайдаланылуы, қоршаған ортаға жасалатын әсерлер, оның сапасын нормалау мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар туралы мәліметтер қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпарат болып табылады. Ол ашық және жария болып табылады, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялануға тиіс.

Лауазымды адамдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпаратты жасыруына, дер кезінде бермеуіне немесе көрінеу жалған ақпарат беруіне жол берілмейді.

## **72-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік статистика**

Қоршаған ортаны қорғау саласында арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар статистикалық ақпараттың объективтілігі және оның халықаралық статистикамен салыстырмалылығы негізінде мемлекеттік статистиканы жүргізеді.

Заңды және жеке тұлғалардың белгіленген көлемде белгіленген мерзімде статистикалық ақпарат беруі ақпаратты жіберушінің қаржысы есебінен мемлекеттік статистикалық есеп беру нысанында жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік статистикалық есеп беру көрсеткіштерінің ең төменгі құрамы мен мемлекеттік статистиканы жүргізу тәртібі заңдармен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

## **15 тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық тәрбие мен білім беру, ғылыми зерттеулер**

### **73-бап. Экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілуі**

Қоғамның экологиялық мәдениетін және мамандардың кәсіби даярлығын арттыру мақсатында мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы және жоғары білім берудің бүкіл процесін, мамандарды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды қамтитын экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүйесі белгіленеді.

Халық арасына экологиялық білім туралы таратуды мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және заңдарға қайшы келмейтін өзге де тәртіппен жүзеге асырады.

### **74-бап. Экологиялық білім беру**

Оқу орындарының білім беру бағдарына және меншік нысанына қарамастан, оларда экологиялық пәндерді оқыту көзделуі тиіс.

Қоршаған ортаға зиянды әсер ететін қызметке байланысты лауазымды адамдар мен мамандардың қажетті экологиялық даярлығы болуға және олар қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар негіздерін білуге міндетті. Басшылар мен мамандардың кәсіби экологиялық даярлығы оларды қызметке тағайындау, аттестациялау және қайта аттестациялау кезінде ескеріледі.

#### **75-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер**

Қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми негіздерін әзірлеу және жасау мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және енгізу жұмыстары, олар ұлттық (мемлекеттік) бағдарламаларға енгізілген жағдайда, бюджет қаражаты есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

**Ескерту. 75-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **16 тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау**

#### **76-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылаудың міндеттері мен түрлері**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау қоршаған ортаның жай-күйін, шаруашылық және өзге де қызметтің ықпалымен оның өзгерістерін байқап отыруды, қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды молықтыру мен ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарлар мен шаралардың орындалуын, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың, оның сапа нормативтері мен экологиялық талаптардың сақталуын тексеруді өзіне міндет е т і п қ о я д ы .

2. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық бақылау жүзеге асырылады.

**Ескерту. 76-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен .**

#### **77-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жою, сондай-ақ заң бұзушы адамдарды Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту мақсатында  
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

1-1. Мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мемлекеттік органдармен, табиғат пайдаланушылармен және жұртшылықпен тығыз өзара іс-қимыл, оның ішінде:

1) баға өлшемдерін қолдану мен бақылау және құқық қолдану жұмыстарын  
ж е т і л д і р у ;

2) табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға интенсивті әсер ететін қызметінің экологиялық нәтижелілігін бағалау;

3) тексерілетін объектілер бойынша перспективалық, жылдық, жедел жұмыс жоспарларын әзірлеу және зертханалық-талдау деректерін және қоршаған ортаның жай-күйі, оның шаруашылық қызметінің ықпалынан өзгеруі туралы өзге де ақпаратты жинау арқылы жүзеге асырылатын қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және жою жөніндегі шаралар кешенін қамтиды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның зертханалық-талдамалық бақылау қызметінің деректері қоршаған ортаны ластау көздерінің сапасын анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардан сынамалар алу жолымен алынуы  
м ү м к і н .

1-2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік және табиғи ресурстарды есепке алудың материалдарын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның зертханалық-талдамалық бақылау қызметінің табиғатты пайдалану объектілерінің жай-күйі туралы деректерін, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғат қорғау қызметі және тексеру барысында анықталған бұзушылықтар туралы деректерін талдау;

2) тексеруді ұйымдастыру және жүргізу;

3) экологиялық құқық бұзушылықтардың туындауын болғызбауға бағытталған шараларды қоса алғанда, заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін құқықтық құралдарды пайдалануға негізделген құқық қолдану арқылы  
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

1 - 3 . Т е к с е р у д і ң т ү р л е р і :

жоспарлы - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жоспарлаған және алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт аралығы ескеріліп жүргізілетін тексеру;

жоспардан тыс - жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өтініштерде және өзге де ақпаратта жазылған фактілер бойынша жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қоғамдық тәртіпке, ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерді дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға, Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына байланысты,

сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында тағайындалатын тексеру;

қарсы - тексеру жүргізу кезінде үшінші тұлғаларға қатысты қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда осы тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру;

рейдтік - қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы жекелеген нормативтік құқықтық талаптарды сақтау мәселелері бойынша бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектіні бір мезгілде тексеру;

кешенді - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жүргізетін тексеру.

Өзге тексеру түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

1-4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган шығаратын тексеруді тағайындау туралы акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда міндетті түрде тіркеледі. Төтенше экологиялық жағдайларға дереу назар аудару қажет болған жағдайда тексеру тағайындау туралы акт негізінде тексеру басталады, ол кейіннен белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

1-5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша мынадай актілер шығарады :

1) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру актісі;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

3) нұсқама ;

4) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы.

Кәсіпкерлік субъектісінің басшысы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты нұсқаманы орындау мерзімі аяқталған соң жеті күннен кешіктірмей беруге тиіс.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының :

меншік нысаны мен бағыныштылығына қарамастан, ұйымдарға және басқа да объектілерге (соның ішінде белгіленген тәртіппен әскери және қорғаныс объектілеріне) кедергісіз (қызмет куәліктерін көрсету арқылы) кіріп, көруге, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдамалардың нәтижелері мен өзге де материалдарды сұратуға және танысу үшін тегін алуға;

табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және тиімді пайдалану жөніндегі бағдарламалардың, жоспарлар мен шаралардың орындалуын, қоршаған ортаны

қорғау туралы заңнаманың, оның сапа нормативтері мен экологиялық талаптарының орындалуын, тазарту құрылыстары мен басқа да залалсыздандыратын құрылғылардың жұмысын, оларды бақылау құралдарын т е к с е р у г е ;

қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның, жергілікті атқарушы органдардың табиғи ресурстарды пайдалануға беру туралы шешімдерінің, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының болуын, табиғи ресурстарды пайдалану лицензияларында белгіленген ережелердің сақталуын және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жекелеген қызмет түрлерінің жүзеге асырылуын, табиғат пайдалану шарттарының (келісім-шарттарының) және табиғат пайдалануға берілген рұқсаттың орындалуын тексеруге, белгіленген тәртіппен олардың күшін жоюға, олардың күшін жою жөнінде нұсқамалар беруге немесе ұсыныс енгізуге;

экологиялық аудит мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныс енгізуге және олардың қорытындыларының орындалуын тексеруге;

экологиялық жағынан қауіпті жүктерді (бұйымдарды), қалдықтар мен шикізат ресурстарын қоршаған ортаның сапа нормативтері мен экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге (әкетуге), сондай-ақ одан алып өтуге (одан әрі тасымалдауға) тыйым салу туралы нұсқама шығаруға;

заңды және жеке тұлғаларға талаптар қоюға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы жолсыздықты жою жөнінде нұсқамалар шығаруға;

экологиялық талаптар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу және тоқтата тұру туралы сот органдарына арыз беруге;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді заңдарда белгіленген тәртіппен қарауға, кінәлілерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тарту туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан келтірілген залал, оның ішінде құндық мөлшерін анықтауға (анықтауға қатысуға) және соның негізінде кінәлі адамдардан осы залалды ерікті түрде өтеу туралы талап етуге немесе сотқа талап қоюға;

тиісті қаржы-несие ұйымдарына экологиялық талаптарды бұза отырып немесе экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз жүзеге асырылатын объектілердің құрылысы мен пайдаланылуын, шаруашылық және өзге де қызметті қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқама енгізуге;

өндірістік экологиялық бақылаудың және мониторингтің нормалары мен ережелерінің сақталуын тексеруге;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарды бұзушылардың әрекеттерін

болғызбау немесе олардың жолын кесу үшін ішкі істер, прокуратура және ұлттық қауіпсіздік органдарынан көмек сұрауға және оны алуға құқығы бар.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының шешімдерін барлық азаматтар, лауазымды адамдар мен заңды тұлғалар орындауға міндетті, оларға бағыныстылық ретімен немесе сотқа шағым ж а с а л у ы м ү м к і н .

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру сот шешімі негізінде жүргізіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

4. Осы баптың екінші және үшінші тармақтарында көзделген хабарламаларды алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін өз қаулысымен жояды немесе оларды алып тастайды.

Ескерту. 77-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.29. N 488 , 2001.07.04. N 205 , 2002.08.09. N 346 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **77-1-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесінің басшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы ;

2) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесі басшысының орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас

мемлекеттік инспекторының орынбасары;

3) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесі басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және бастықтардың орынбасарлары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары;

4) лауазымы бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау бөлімшесінің бас және жетекші мамандары болып табылатын Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

5) лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдары бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары;

б) лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бастықтары және бастықтарының орынбасарлары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары;

7) лауазымы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарының мемлекеттік бақылау бөлімдерінің бас және жетекші мамандары болып табылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жатады.

2. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының бас мемлекеттік инспекторларында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланктер болады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторға, бас мемлекеттік инспектордың орынбасарына және аға мемлекеттік инспекторлар мен мемлекеттік инспекторларға белгіленген тәртіппен бірыңғай үлгідегі мөр, куәліктер мен нысанды киім беріледі.

**Ескерту. 77-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**77-2-бап. <\*>**

**Ескерту. 77-2-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

**78-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өндірістік бақылау**

Өндірістік бақылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша орталық атқарушы органдар немесе ұйымдар бекітетін ережелер негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 78-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 Заңымен .**

### **79-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бақылау**

Қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер өз бастамасы, табиғат пайдаланушылармен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен жасалған шарттар бойынша жүзеге асырады.

Қоғамдық бақылауды жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес белгілейді.

**Ескерту. 79-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.07.04. N 205 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

### **80-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын адамдарды қорғау шаралары**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыратын адамдар міндетті сақтандырылуға тиіс, олар қаза тапқан немесе мертіккен жағдайда да залалды белгіленген тәртіппен өтетуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласында бақылауды жүзеге асыратын адамдардың арнайы құралдарды, атыс қаруы мен нысанды киімді сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар .

**Ескерту. 80-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **16-1-тарау. Қалдықтармен жұмыс істеуді бақылау**

**Ескерту. 16-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **80-1-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік бақылау**

1. Қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады .

2. Қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік бақылау: қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптардың орындалуын бақылауды ;



қалдықтарды халықаралық тасымалдауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды ;

қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттарының сақталуын бақылауды ;

қалдықтармен жұмыс істеу кезінде туындайтын төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды ;

қалдықтарды тасымалдау талаптары мен ережелерінің сақталуын бақылауды ;  
қалдықтардың санын азайту және қалдықтарды қосымша шикізат көзі ретінде шаруашылық айналымға тарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды ;

қалдықтармен жұмыс істеу саласында ұсынылатын ақпараттың және қалдықтар туралы есептіліктің дұрыстығын бақылауды ;

Қазақстан Республикасының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңдарын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолданылуын бақылауды қ а м т и д ы .

3. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте шағым жасалына алады.

**Ескерту. 80-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **80-2-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуді өндірістік бақылау**

1. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар өз қызметі барысында Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

2. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру тәртібін қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар дербес әзірлеп, бекітеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен келіседі.

**Ескерту. 80-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **80-3-бап. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есепке алу және есептілік**

1. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар пайда болған, пайдаланылған, залалсыздандырылған, басқа тұлғаларға берілген немесе басқа тұлғалардан алынған, сондай-ақ орналастырылған қалдықтарды есепке алуды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізуге міндетті.

2. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есепке алуды жүргізудің тәртібін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті

органмен келісім бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және статистика салаларындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде есептілікті табыс етуге міндетті.

4. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар есепке алу материалдарын Қазақстан Республикасының мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген мерзім бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 80-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **80-4-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастры**

1. Қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі мәліметтердің жүйесін есепке алу мақсатында Қалдықтардың мемлекеттік кадастры жүргізіледі.

2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 80-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

## **17 тарау. Экологиялық аудит**

### **81-бап. Экологиялық аудит**

1. Экологиялық аудит аудиттелетін субъектілердің қоршаған ортаға әсері туралы есептілігін талдау жолымен жүргізіледі.

Экологиялық аудит жүргізілген кезде:  
қоршаған ортаға әсері туралы тапсырылған есептіліктің дұрыстығын тексеру;  
өндірістік-технологиялық процестің экологиялық талаптарға сәйкестігін  
бағалау ;

өндірістік мониторинг пен бақылау жүйесінің экологиялық талаптарға сәйкестігін бағалау ;

персоналдың біліктілік деңгейін бағалау мақсатымен арнайы зерттеулер мен өлшемдер орындалуы мүмкін.

2. Экологиялық аудиторлар, экологиялық аудиторлық ұйымдар мен аудиттелетін субъектілер арасындағы қарым-қатынас экологиялық аудит жүргізуге арналған шарт негізінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. <\*>

Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08.  
N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **81-1-бап. Экологиялық аудиттің түрлері және оны жүргізудің негіздері**

1. Міндетті экологиялық аудит және бастамашылық экологиялық аудит экологиялық аудит түрлері болып табылады.

2. Жеке және заңды тұлғаларға міндетті экологиялық аудит жүргізу үшін: жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінің қоршаған ортаға келтірген, құжатпен расталған нұқсаны; заңды тұлғаның - табиғат пайдаланушының қайта ұйымдастырылуы; карауында стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілер бар заңды тұлғалардың банкрот болуы негіз болып табылады.

3. Бастамашылық экологиялық аудит аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша, бастамашы мен экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның арасында экологиялық аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген экологиялық аудиттің нақты міндеттері, мерзімдері және көлемдері ескеріле отырып жүргізіледі. <\*>

Ескерту. 81-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08 . N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **82-бап. Экологиялық аудит жүргізу және экологиялық аудиторлық есептерге қойылатын талаптар**

1. Экологиялық аудит экологиялық аудитор жасап, тапсырыс берушімен және аудиттелетін субъектімен келісілетін экологиялық аудит жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Экологиялық аудит жүргізуді жоспарлаған кезде тараптар экологиялық аудиторлар палатасы бекіткен экологиялық аудит жүргізу жоспарының ұсыным сипатындағы үлгі нысанын басшылыққа алады.

2. Экологиялық аудиторлық есеп болып ресімделетін міндетті экологиялық аудит нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс е т і л е д і .

Экологиялық аудиторлық есеп жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сақтандыру ұйымдарына табыс етілуі мүмкін. Бұл орайда экологиялық аудиторлық есептегі мәліметтерді жария етуге аудиттелетін субъектінің келісімімен ж о л беріледі.

3. Бастамашылық экологиялық аудиттің нәтижелері экологиялық аудиторлық есеп болып ресімделеді, оның нысаны экологиялық аудит жүргізуге жасалған шартта ескертіліп көрсетіледі.

Бастамашылық экологиялық аудиттің нәтижелері құпия болып табылады.

Бастамашылық экологиялық аудиттің нәтижелері туралы мәліметтерді жария ету құқығына аудиттелетін субъект ғана ие болады.

4. Экологиялық аудит жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 82-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

### **83-бап. Экологиялық аудиторлық қызмет**

Экологиялық аудиторлық қызмет - экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес берілетін лицензия негізінде жүзеге асыратын экологиялық аудит жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.

Ескерту. 83-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **83-1-бап. Экологиялық аудитор**

1. Экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға аттестациядан өткен және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен лицензия алған жеке тұлға экологиялық аудитор болып табылады.

2. Экологиялық аудитор жеке кәсіпкер ретінде не экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 83-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **83-2-бап. Экологиялық аудиторлық ұйым**

1. Экологиялық аудиторлық ұйым - экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін, өндірістік кооператив пен мемлекеттік кәсіпорыннан басқа, кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған коммерциялық ұйым.

2. Шетелдік экологиялық аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында тиісті экологиялық аудиторлық ұйымдар - Қазақстан Республикасының резиденттері құрылған жағдайда ғана экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыра алады.

3. Экологиялық аудиторлық ұйымның құрамындағы экологиялық аудиторлардың саны кемінде екі адам болуға тиіс.

Ескерту. 83-2-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **83-3-бап. Экологиялық аудиторлар палатасы**

1. Экологиялық аудиторлар палатасы экологиялық аудиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру мен қорғау үшін құрылған коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады.

2. Экологиялық аудиторлар палатасы заңды тұлға болып табылады және өз мүшелері жалпы жиналыста қабылдаған жарғы негізінде жұмыс істейді.

3. Экологиялық аудиторлар палатасы ерікті негізде экологиялық

аудиторларды, экологиялық аудиторлық ұйымдарды біріктіреді және мүшелік жарна мен Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

4. Экологиялық аудиторлар палатасының құрылымы мен жұмыс органдары оның жарғысымен айқындалады.

5. Экологиялық аудиторлар палатасы:

1) жалпы басшылықты жүзеге асырады және өз мүшелерінің қызметін үйлестіреді;

2) экологиялық аудит жүргізу жоспарының үлгі нысанын бекітеді;

3) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, экологиялық аудиторлық қызметті дамытуда оларға көмек көрсетеді және жәрдемдеседі;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға экологиялық аудиторлардың өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтарған жағдайлары және Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын өзге де бұзушылықтары туралы хабарлайды;

5) экологиялық аудиторларды аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясын құруға және экологиялық аудиторлардың аттестациясын өткізуге қатысады;

6) экологиялық аудиторларды тағылымдамадан өткізуді және оқытуды ұйымдастырады, экологиялық аудиторларға арналған оқу бағдарламаларын айқындауға қатысады;

7) экологиялық аудиторлардың заңсыз іс-әрекетіне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарайды;

8) экологиялық аудиторларды аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясына лицензияны кері қайтарып алу туралы ұсыныс жасайды.

6. Экологиялық аудиторлар палатасы өз қызметін Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 83-3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08.**

**№ 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **83-4-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтары**

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар:

1) экологиялық аудит жүргізу әдістерін дербес айқындауға;

2) экологиялық аудит жүргізуге жасалған шарттың талаптарын орындауға қажетті құжаттаманы алуға және тексеруге;

3) шарт негізінде экологиялық аудит жүргізуге қатысуға, осы Заңның 83-8-бабында аталған тұлғалардан басқа, түрлі саладағы мамандарды тартуға;

4) аудиттелетін субъект экологиялық аудит жүргізу шартының талаптарын бұзған жағдайда экологиялық аудитті жүргізуден не экологиялық аудиторлық есепті беруден бас тартуға құқылы.

**Ескерту. 83-4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

#### **83-5-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың міндеттері**

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар:

1) осы Заңның 83-8-бабында көрсетілген мән-жайлардың салдарынан экологиялық аудит жүргізудің мүмкін еместігі туралы хабарлауға;

2) аудиттелетін субъектіден алынған, сондай-ақ экологиялық аудит жүргізу процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) аудиттелетін субъектіге құжаттарда анықталған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкессіздік туралы х а б а р л а у ғ а ;

4) экологиялық аудит нәтижелерінің, сондай-ақ экологиялық аудит жүргізу кезінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия нысанасы болып табылатын мәліметтердің құпиялығын сақтауға;

5) міндетті экологиялық аудит нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарын бұзушылықтар туралы уәкілетті мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес хабарлауға;

б) экологиялық аудит жүргізуге арналған шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

**Ескерту. 83-5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

#### **83-6-бап. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдарды сақтандыру**

1. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

2. Сақтандыру Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 83-6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

#### **83-7-бап. Экологиялық аудиторларды аттестациялау**

1. Экологиялық аудит жүргізуге қажетті біліктілікті растау жөнінде мезгіл-мезгіл жүргізілетін рәсім экологиялық аудиторларды аттестациялау болып т а б ы л а д ы .

2. Экологиялық аудиторларды аттестациялауды біліктілік комиссиясы жүргізеді.

**Ескерту. 83-7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **83-8-бап. Экологиялық аудит жүргізу құқығын шектеу**

1. Экологиялық аудиторлық ұйымның құрылтайшылары, қатысушылары, кредиторлары болып табылатын не осы экологиялық аудиторлық ұйым құрылтайшысы, қатысушысы, кредиторы болып табылатын тапсырыс берушілерге экологиялық аудиторлық ұйымның экологиялық аудит жүргізуіне тыйым салынады.

2. Егер экологиялық аудиторлар:

аудиттелетін субъект басшысының, сондай-ақ құрылтайшысының немесе аудиттелетін субъект жарғылық капиталының он проценттен астамын иеленетін қатысушының жақын туыстары немесе жекжаттары болған;

аудиттелетін субъектінің қызметкерлері, қатысушылары, лауазымды тұлғалары болған немесе онда жеке мүліктік мүдделері бар болған жағдайларда, олардың экологиялық аудит жүргізуіне тыйым салынады.

3. Экологиялық аудиторлардың - жеке кәсіпкерлердің, мынадай жағдайларда, егер:

аудиттелетін субъект балансы активтерінің сомасы жылына орташа есеппен алғанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 40000 еселенген мөлшерінен асатын заңды тұлға болса;

аудиттелетін субъектінің қызметі міндетті экологиялық аудит жүргізілуге жататын болса, экологиялық аудит жүргізуіне тыйым салынады.

**Ескерту. 83-8-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **83-9-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары**

Аудиттелетін субъект:

1) конкурс не өзге де ішкі рәсім негізінде экологиялық аудиторды не экологиялық аудиторлық ұйымды таңдау туралы дербес шешім қабылдауға;

2) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан Қазақстан Республикасы заңдарының экологиялық аудит жүргізуге қатысты талаптары туралы егжей-тегжейлі ақпарат алуға;

3) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның ескертпелері және қорытындылары негізделетін нормативтік құқықтық актілермен танысуға;

4) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан ұсынымдар, экологиялық есептілікте және өзге де құжаттарда анықталған

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкессіздік туралы ақпарат алуға;

5) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым экологиялық аудит жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда олар көрсететін қызметтен бас тартуға құқылы.

**Ескерту. 83-9-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **83-10-бап. Аудиттелетін субъектінің міндеттері**

Аудиттелетін субъект:

- 1) міндетті экологиялық аудит жүргізуді ұйымдастыруға;
- 2) экологиялық аудитті уақтылы және сапалы жүргізу үшін экологиялық аудитор мен экологиялық аудиторлық ұйымға жағдай жасауға;
- 3) экологиялық аудиторға немесе экологиялық аудиторлық ұйымға экологиялық аудит жүргізу үшін қажетті толық және дұрыс құжаттаманы, өзге де ақпаратты табыс етуге, ауызша немесе жазбаша нысанда түсінік беруге;
- 4) қоршаған ортаға әсер ету туралы дұрыс есептілікті және экологиялық аудит жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттарды табыс етуге;
- 5) егер экологиялық аудит жүргізуге арналған шартта өзгеше көзделмесе, экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметін шектемеуге;
- 6) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның талап етуі бойынша қажетті ақпарат алу үшін үшінші тұлғалардың атына өз атынан жазбаша сауал жіберуге;
- 7) экологиялық аудиторлардың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның көрсететін қызметтеріне ақы төлеуді қамтамасыз етуге;
- 8) экологиялық аудит жүргізуге арналған шарттың міндеттемелерінен туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

**Ескерту. 83-10-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 71 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

## **18 тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды шешу және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік**

### **84-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды шешу**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды соттар шешеді немесе олар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

### **85-бап. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік**



Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуына кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### **86-бап. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұздан келтірілген зиянды өтеу**

1. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, ұйымдардың, азаматтар мен мемлекеттің мүлкіне зиян келтірген заңды және жеке тұлғалар келтірген зиянын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өтеуге міндетті.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан келтірілген зиянды өтеу ерікті түрде немесе қоршаған ортаны ластаудан келтірілген нұқсанның белгіленген экономикалық бағасына сәйкес соттың шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүргізіледі.

Зиянды өтеуден өндіріліп алынатын сома бюджетке, ал заңдарда белгіленген жағдайларда зардап шеккен заңды немесе жеке тұлғаға аударылады.

2. Қызметі қоршаған ортаны қорғауға күшті қауіп төндірумен байланысты заңды және жеке тұлғалар, егер жойқын күштің немесе зардап шегушінің қаскөйлігі салдарынан зиян келтірілгенін дәлелдей алмаса, өздері келтірген зиянды өтеуге міндетті.

3. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзу салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян зардап шегушінің еңбек қабілетінен айрылу дәрежесін, оны емдеуге және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды, науқасты күту жөніндегі шығындарды, өзге де шығындар мен залалдарды ескере отырып толық көлемінде өтелуге тиіс.

Азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның шамасын анықтау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, ал зиянды өтеу сот шешімі негізінде жүргізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың бұзылуы салдарынан келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

**Ескерту. 86-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.09. N 8 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.**

## **19 тарау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

### **87-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жалпыға бірдей экологиялық қауіпсіздіктің басымдығын сақтау принциптерін басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

**88-бап. Шетелдік ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі**

Егер Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттелмесе, Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік ұйымдар мен азаматтардың қызметіне жол беріледі.

**89-бап. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттары**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше нормалар белгіленсе, халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*